



2022 жылғы маусымда футболдан Қазақстан Республикасы  
Olimpbet- Кубогының топтық кезеңінің  
**ЖЕРЕБЕ ТАСТАУ РӘСІМІ**

## **КІРІСПЕ ЕРЕЖЕЛЕР**

2022 жылғы маусымда футболдан Қазақстан Республикасы Olimpbet-Кубогының (бұдан әрі - Olimpbet-Кубогы) топтық кезеңіне 16 (он алты) клуб қатысады: 2022 жылғы маусымда Премьер-Лига клубтары арасындағы Қазақстан Республикасы Olimpbet-Чемпионатының қатысушысы болып табылатын 14 (он төрт) клуб және Olimpbet-Кубогының алдын ала кезеңінің қорытындысы бойынша топтық кезеңде қатысу құқығын алған 2 (екі) клуб.

Топтық кезеңнің жеребесі Olimpbet-Кубогының алдын ала кезеңі аяқталғаннан кейін өтеді.

## **СЕБЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Olimpbet-Кубогының топтық кезеңінің қатысушылары әр себет 4 (төрт) клубтан тұратын 4 (төрт) себетке бөлінеді. Бірінші себетте 2022/23 маусымының UEFA клубтық жарыстарына қатысатын клубтар орналасады. Olimpbet-Кубогының алдын ала кезеңінің қорытындысы бойынша топтық кезеңге қатысу құқығын алған клубтар төртінші себетке жайластырылады. Топтық кезеңнің қалған қатысушылары 2021 жылғы маусымдағы Olimpbet-Кубогының нәтижелеріне сәйкес бөлінеді.

Себеттер «1»-ден «4»-ке дейінгі сандармен таңбаланады. Әрбір себетке жоғарыда көрсетілген бөлуге сәйкес клубтардың атаулары көрсетілген 4 (төрт) шар салынады.

Топтарды қалыптастыру және әрбір клубтың реттік нөмірін анықтау үшін 4 (төрт) қосымша себет көзделеді, олар «А», «В», «С» және «D» латын әріптерімен таңбаланады. Әр себетке «1»-ден «4»-ке дейінгі сандар көрсетілген 4 (төрт) шар салынады, олар топтағы клубтың реттік нөмірін құрайды.

Бір себеттің өкілдері әртүрлі топтарға бөлінеді.

## **ЖЕРЕБЕ ТАСТАУ РӘСІМІ**

Жеребе тастау «А» тобының клубын анықтау үшін «1» санымен таңбаланған себеттен шарды тартып шығару арқылы басталады, осыдан кейін «А» тобындағы осы клубтың реттік нөмірін анықтау үшін «А» әрпімен таңбаланған себеттен шар тартып шығарылады.

Одан кейін «В» тобының клубын анықтау үшін «1» санымен таңбаланған себеттен екінші шар тартып шығарылады және осыдан кейін «В» тобындағы клубтың реттік нөмірін анықтау үшін «В» әрпімен таңбаланған себеттен шар тартып шығарылады.

Одан кейін «С» тобының клубын анықтау үшін «1» санымен таңбаланған себеттен үшінші шар тартып шығарылады және осыдан кейін «С» тобындағы осы клубтың реттік нөмірін анықтау үшін «С» әрпімен таңбаланған себеттен шар тартып шығарылады.

Одан кейін «D» тобының клубын анықтау үшін «1» санымен таңбаланған себеттен төртінші шар тартып шығарылады және осыдан кейін «D» тобындағы осы клубтың реттік нөмірін анықтау үшін «D» әрпімен таңбаланған себеттен шар тартып шығарылады.

«2», «3» және «4» сандарымен белгіленген себеттерге ұқсас рәсім қолданылады, бұл ретте әрбір келесі себетке көшу алдыңғы себеттен барлық шарлар тартып шығарылғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

## СЕБЕТТЕРДІҢ ҚҰРАМЫ

1. «Тобол» ФК, «Астана» ФК, «Қайрат» ФК, «Қызыл-Жар СК» ФК;
2. «Шахтер» ФК, «Каспий» ФК, «Тараз» ФК, «Ордабасы» ФК;
3. «Ақжайық» ФК, «Мақтаарал» ФК, «Тұран» ФК, «Атырау» ФК;
4. «Ақтөбе» ФК, «Ақсу» ФК, «Қайсар» ФК/«Яссы» ФК, «Жетісу» ФК/«Жеңіс» ФК.

## МАТЧТАР КЕСТЕСІ

1-тур 8-10 шілде	2-тур 15-17 шілде	3-тур 22-24 шілде
<b>1А-2А</b>	<b>2А-3А</b>	<b>3А-1А</b>
<b>3А-4А</b>	<b>4А-1А</b>	<b>2А-4А</b>
<b>1В-2В</b>	<b>2В-3В</b>	<b>3В-1В</b>
<b>3В-4В</b>	<b>4В-1В</b>	<b>2В-4В</b>
<b>1С-2С</b>	<b>2С-3С</b>	<b>3С-1С</b>
<b>3С-4С</b>	<b>4С-1С</b>	<b>2С-4С</b>
<b>1D-2D</b>	<b>2D-3D</b>	<b>3D-1D</b>
<b>3D-4D</b>	<b>4D-1D</b>	<b>2D-4D</b>

4-тур 29-31 шілде	5-тур 5-7 тамыз	6-тур 13-14 тамыз
<b>1А-3А</b>	<b>2А-1А</b>	<b>3А-2А</b>
<b>4А-2А</b>	<b>4А-3А</b>	<b>1А-4А</b>
<b>1В-3В</b>	<b>2В-1В</b>	<b>3В-2В</b>
<b>4В-2В</b>	<b>4В-3В</b>	<b>1В-4В</b>
<b>1С-3С</b>	<b>2С-1С</b>	<b>3С-2С</b>
<b>4С-2С</b>	<b>4С-3С</b>	<b>1С-4С</b>
<b>1D-3D</b>	<b>2D-1D</b>	<b>3D-2D</b>
<b>4D-2D</b>	<b>4D-3D</b>	<b>1D-4D</b>